Әділет

# Қазақстан Республикасында мемлекеттік құқықтық статистиканы және арнайы есепке алуды дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1374 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 қыркүйектегі N 1411 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411 Қаулысымен.

"Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 22 желтоқсандағы Заңына сәйкес, мемлекеттік құқықтық статистикалық ақпараттық жүйені бұдан әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында мемлекеттік құқықтық статистиканы және арнайы есепке алуды дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдар (келісім бойынша) Бағдарламада көзделген іс-шаралардың іске асырылуын қамтамасыз етсін, Бағдарламаның орындалу барысы туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетіне жыл сайын 5 желтоқсаннан кешіктірмей ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы (келісім бойынша) жыл сайын 25 қаңтардан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпаратты ұсынсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 24 желтоқсандағы
N 1374 қаулысымен
бекітілген

## Қазақстан Республикасында мемлекеттік құқықтық статистиканы және арнайы есепке алуды дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы

## Бағдарламаның паспорты

| | |
|---|---|
| Атауы | Қазақстан Республикасында мемлекеттік құқықтық статистиканы және арнайы есепке алуды дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы |
| Әзірлеу үшін негіздеме | "Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 7) тармақшасы, "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының Заңы , Қазақстан Республикасы құқықтық саясатының тұжырымдамасы , Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетін құру туралы" Жарлығы |
| Бағдарламаны әзірлеуші | Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы |
| Бағдарламаның мақсаты | Қазақстанның мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйесін қалыптастыру және одан әрі реформалау |
| Бағдарламаның міндеттері | 1. Мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйені құру.<br>2. Құқықтық статистика салалары кешенін дамыту.<br>3. Жаңа ақпараттық технологияларды енгізу.<br>4. Елдегі және өңірлердегі заңдылық пен құқықтық тәртіптің жай-күйін кешенді талдау мен болжауды жетілдіру, қоғамдағы құқықтық құбылыстардың кешенді мониторингі жүйесін құру.<br>5. Қазақстанның мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйесінің әлемдік |

| | |
|---|---|
| | ақпараттық ортаға кірігуі, құқықтық статистикалық деректерді жариялау және тарату жүйесін жетілдіру. 6. Үздіксіз кәсіби білім беру мен құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында кадрлар даярлау жүйесін құру әрі жетілдіру. 7. Халықаралық ынтымақтастық, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы қолда бар халықаралық тәжірибені зерделеу |
| Бағдарламаны іске асыру мерзімдері | 2005-2007 жылдар. |
| Қаржыландырудың көлемі мен көздері | Мемлекеттік бюджеттен 2005 жылға қаржы шығындары талап етілмейді. 2006 жылы - 2582500 мың теңге; 2007 жылы - 2232300 мың теңге. 2006-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын іс-шаралар бойынша шығыстар көлемі тиісті қаржы жылына анықталады (нақтыланады). |
| Бағдарламаның іске асырылуынан күтілетін нәтижелер | Қылмысқа, сыбайлас жемқорлыққа, нашақорлыққа қарсы күрестің негізгі бағыттары бойынша салыстырмалы әрі сапалы статистикалық деректер мен талдамалық ақпарат қалыптастыру. Шешімдер дайындау әрі қабылдаудың пәрменді жүйесін құру, заңдылық сақтау мен құқықтық тәртіпті қолдауды қамтамасыз ету бойынша функцияларын іске асыру кезінде құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдар қызметінің нәтижелілігін арттыру. Сапалы әрі шынайы ақпарат пен арнайы есепке алудың мәліметтерін дайындау және ұсыну. |

## 1. Кіріспе

Қазіргі уақытта қоғамдық процестерді басқару мен дұрыс шешім қабылдауда , соның ішінде қылмыстың, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу әрі оларға қарсы күресуде, есірткінің таралуын бақылауды жүзеге асыруда құқықтық

статистикалық ақпараттың маңызы әлденеше есе артуда.

Осыған байланысты, Бағдарламаны әзірлеу Қазақстан Республикасының мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйесін қалыптастырудың заңды қадамына айналады.

Қазақстан Республикасының дамуын сипаттайтын құқықтық статистикалық көрсеткіштердің бірыңғай жүйесін құру, оларды алу, талдау мен болжау әдіснамасын жасау, жүйелі құқықтық статистикалық ақпаратты қалыптастыру көзделуде, құқықтық статистиканың көрсеткіштерін зерделеудің басым бағыттары, әдіснаманы жетілдіру мен ғылыми көзқарасты енгізу анықталуда мемлекеттің құқықтық жағдайы, елдегі қылмыстылық пен заңдылықтың деңгейі туралы халықаралық ұйымдарға қажетті құқықтық статистика ақпаратын ұсыну жөніндегі Қазақстан Республикасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының міндеттемелерін қамтамасыз ету, Бірыңғай біріздендірілген статистикалық жүйенің (бұдан әрі - ББСЖ) біріктірілген деректер банкінің ақпараттық-техникалық кешенін енгізу әрі әкімшілік құқық бұзушылық пен оларды жасаған тұлғалар туралы бастапқы болып табылатын құқық бұзушылықтардың орталықтандырылған деректер банкін қолда бар геоақпараттық құқықтық статистикалық жүйесінің компоненттерімен қамтамасыз ету, мемлекеттік органдардың құқықтық ақпаратқа қажеттілігін қамтамасыз ететін арнайы есепке алу жүйесін құру жөніндегі негізгі жобалық шешімдерді әзірлеу, кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту жөніндегі шаралардың бірі ретінде құқықтық ақпаратқа деген қажеттілігін қамтамасыз ететін шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметіне тексерулер тағайындау туралы актілерді тіркеуден мемлекеттік органдардың бас тарту құқығын тиімді іске асыру міндеттері шешілуде.

Сайып келгенде, қоғамдағы құқықтық жағдайларға кешенді мониторинг жүйесін құру заңдылық пен құқықтық тәртіпті жаппай сақтауға негізделген құқықтық мемлекетті құрудың бір компоненті болуы тиіс.

Бағдарламаны іске асыру мынадай негізгі қағидаттарды сақтай отырып, ұйымдастыру іс-шараларының кең кешенін әзірлеу мен орындауды көздейді:

- құқықтық статистикалық ақпараттың тұрақтылығы, салыстырмалылығы, түсініктілігі мен ашықтығы;
- пәрменділігі мен нәтижелілігі;
- іске асырылуы;
- жауаптылығы;
- сабақтастығы;
- тұрақтылығы;
- кешенділігі;
- жүйелілігі.

Бағдарламада құқықтық статистика мен арнайы есепке алу саласындағы жұмысты ұйымдастырудың тиімділігін одан әрі арттыруға, кадрлардың біліктілігін арттыруға, техникалық құралдарды жаңғырту мен жетілдіруге себеп болатын іс-шараларды, деректер банкінің жалпыға бірдей қол жетімділігін қамтамасыз ететін біріктірілген автоматтандырылған сәйкестендіру жүйелерін құру жолымен құқықтық статистика мен арнайы есепке алуды пайдалану жөніндегі құқық қорғау органдарының мемлекетаралық ықпалдастығын қамтамасыз ету көзделеді.

Үш жылдық Бағдарламаны іске асыру мақсатында, республика - облыс - аудан деңгейлерінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдары мен субъектілерін тиісті кешенді ақпараттандыруды, мемлекеттік басқару органдарының бірыңғай ақпараттық құқықтық статистикалық кеңістігін қалыптастыруды жүзеге асыру көзделуде. Мемлекеттік ақпараттық құқықтық статистикалық жүйе бірыңғай ақпараттық қордың діңгегі болуға тиіс.

## 2. Құқықтық статистиканы және арнайы есепке алуды дамытудың қазіргі жай-күйін талдау

Қазақстан Республикасында мемлекеттік құқықтық реформаны жүзеге асыру нәтижелерінің бірі - ведомстводан тыс және орталықтандырылған негізде құрылған құқықтық статистика органдарын құру болып табылды әрі оларға қылмыстық құқықтық статистиканы қалыптастыру жөніндегі ішкі істер органдарының функциялары берілді. Осыған байланысты, Мемлекет басшысының 1997 жылғы 22 сәуірдегі N 3465 Жарлығымен құқық қорғау органдары жүйесін жетілдіру, қылмыстылық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тиімділігін арттыру мақсатында, ІІМ мен Әділет министрлігінің статистикалық қызметтерінің базасында Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанында Құқықтық статистика және ақпарат орталығы құрылды.

Осындай реформа жасаудың қажеттілігі, ең алдымен криминогендік ахуал мен қылмыстылыққа қарсы күрестің жай-күйін шынайы көрсетуді болдырмайтын бұрынғы ақпараттық статистикалық жүйенің кемістіктерінен туындады. Алғаш рет өз тарихында құқықтық статистика қадағалау органы - прокуратура қарауына берілді және осы қадамның баламасы бұрынғы кеңес кеңістігінде жоқ. Бұл еліміздегі криминалдық жағдайға әсерін тигізетін себептерді объективті әрі уақытылы анықтау жөніндегі құқық қорғау органдарының қызметінің тиімділігін арттыруға әрі оларды жою жөніндегі қажетті шаралар кешенін белгілеуге мүмкіндік берді.

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жүйесін жетілдіру шеңберінде,

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 28 наурыздағы N 1050 Жарлығымен Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы таратылған Құқықтық статистика және ақпарат орталығының базасында құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган болып табылатын Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитет (бұдан әрі - Комитет) құрылды. Құқықтық статистиканы қалыптастырудың, арнайы есепке алуды жүргізудің және осы саладағы қадағалауды жүзеге асырудың функцияларын үйлестіру қоғамдағы қылмыстықтың жай-күйі және қылмыстық қудалау органдары мен соттың қылмыстық іс жүргізу қызметінің сандық-сапалық көрсеткіштері туралы, мемлекеттік органдардың кәсіпкерлікті қолдау мен қорғау жөніндегі жұмысы, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықтарға қарсы қарсы күрес туралы мейлінше шынайы ақпаратпен мемлекетті жүйелі түрде қамтамасыз ету, құқықтық статистика және арнайы есепке алуды түпкілікті мүлде деңгейге көтеру жөніндегі шара болып табылады, бұл мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыру, арнайы есепке алуды жүргізуден бастап осы саладағы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік органдардың орындауын қадағалауға дейінгі ажырамас тетік жасауға кең мүмкіндік береді.

Комитеттің негізгі міндеттері - мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйені дамыту, қылмыстылыққа, сыбайлас жемқорлыққа, есірткі заттардың заңсыз айналымына және заңдылықты бұзушылыққа қарсы күресті ақпараттық және талдамалық қамтамасыз етуді жүзеге асыру болып саналады.

Осыған байланысты, Комитетке мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыру, арнайы есепті жүргізу және осы саладағы заңдардың қолданылуын қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі міндеттер жүктелген.

Осы міндеттерді орындау үшін Комитет Президент Әкімшілігін, Қауіпсіздік Кеңесін, Үкіметті, құқық қорғау, республиканың сот және басқа да мемлекеттік органдарын қылмыстылыққа, сыбайлас жемқорлыққа, нашақорлыққа қарсы күрестің, елдегі заңдылықтың сақталуының жай-күйі туралы статистикалық және ақпараттық-талдау материалдарымен қамтамасыз етеді.

Қазіргі уақытта Комитетте елдегі қылмыстық қудалау органдарының іздестірілуіндегі қылмыс жасаған адамдар, хабар-ошарсыз кеткендер және танылмаған мәйіттер туралы қолда бар ақпараттың бүкіл көлемі жинақталған. Бұл қазірдің өзінде, жалпы сипаттағы қылмыстарға, экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыстарына, нашақорлық пен психотроптық заттардың және прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күресті тиімді ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асыруға, құқықтық статистиканы қалыптастыру және арнайы есепке алуды жүргізу мәселелері бойынша республиканың барлық мемлекеттік органдарының қызметін үйлестіруге мүмкіндік береді, ал болашақта

терроризмге, экстремизмге, трансшекаралық және халықаралық қылмыстылыққа, адамдар трафигіне және заңсыз көшіп-қонуға қарсы күрес пен заңдылықтың сақталуы әрі құқықтық тәртіпті қолдаудың, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың басқа да өзекті проблемаларында қуатты құралға айналуы тиіс. Бұдан басқа, Комитет мемлекетаралық ақпарат банкін (МАБ) құру жөніндегі келісім шеңберінде Ресей Федерациясы ІІМ Бас ақпарат орталығымен ынтымақтастықты жүзеге асыруда, оған сәйкес Қазақстандағы арнайы есепке алу субъектілері туралы барлық деректер МАБ-қа жіберіледі, қажетті нормативтік құқықтық база үйлестірілген. Мысалы, Комитеттің аумақтық органдары арнайы есепке алу объектілеріне карточка толтырған кезде, бір көшірмесін РФ ІІМ МАБ-қа жібереді. Сөйтіп, ТМД шеңберінде құқық қорғау органдарының арасында жедел ақпарат алмасу жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта, жеті жыл жұмыс істегеннен кейін, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының өзі қалыптасқан мемлекеттік институт болып табылады. Бірінші кезекте, қылмыстылықтың жай-күйі, құқық қорғау органдарының, соттардың қызметі және бұл жұмыстың ақпараттық қамтамасыз етілуі туралы статистиканы қалыптастырудың тиянақты режимі ұйымдастырылған. Арнайы есепке алуды жүргізу, анықтамалық және мұрағаттық жұмыстарды жүргізу тиісті деңгейде жүзеге асырылуда.

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасының Заңын ақпараттық-статистикалық қамтамасыз ету, республикадағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың жай-күйі мен деңгейін анықтауға, оларды түпкілікті жою жөніндегі қажетті шараларды әзірлеу мен қолдануға мүмкіндік берді. Соңғы онжылдық барысында, нашақорлық пен психотроптық заттарды теріс пайдалану және республикадағы олардың заңсыз айналымы кең көлемде таратылу сипатын алды әрі экономика, құқықтық тәртіп, қоғамдағы әлеуметтік-психологиялық ахуалдың жай-күйіне, халықтың денсаулығы мен тектік қорына теріс әсерін тигізуде.

Есірткі заттарын пайдалануына байланысты медициналық мекемелерде есепке тұрған адамдардың жалпы саны 48 мың жуықты құрайды. Осыған байланысты, республикадағы нашақорлықтың жай-күйі туралы статистикалық ақпаратты жүргізу нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы құқық қорғау органдарының жұмысын бағалауға, осы проблеманы одан әрі шешудің стратегиясы мен тактикасын анықтауға мүмкіндік береді.

"Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңындағы шектеу сипатындағы нұсқамаларға ақпараттық қызмет көрсету тетігін енгізумен бірге, сотпен әкімшілік жауапкершілікке тартылған, іс-әрекет жасауға қабілетсіз

деп танылған, сондай-ақ мемлекеттік қызметте лауазымға ие болу құқығынан айырылған тұлғаларды неғұрлым толық есепке алу белгіленген.

Өз қызметінің бүкіл кезеңінде, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласы заң жүзінде реттелмеген еді және тек қызмет бабында пайдалануға арналған ведомстволық нұсқаулық кесімдер деңгейінде ғана регламенттелді.

Сондықтан, осы саланың дамуының келесі қадамы мемлекеттік құқықтық статистиканы жүзеге асыру және арнайы есепке алуды жүргізудің тәртібін заң жүзінде бекіту болып табылды. Мысалы, 2003 жылғы 22 желтоқсанда Мемлекет басшысы "Мемлекеттік құқықтық статистика және оны есепке алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды.

Заң құқық саласындағы статистикалық, ақпараттық және есепке алу жүйелерін басқарудың бірыңғайлығы қағидаттарын айқындайтын нормативтік құқықтық кесім болып табылады, олар осы саланың жұмыс істеуі мен жетілуіне оңтайлы жағдайды қамтамасыз етеді.

Заңмен алғашқы рет заңнамада: "мемлекеттік құқықтық статистика", оның " қылмыстық-құқықтық", "азаматтық-құқықтық" және "әкімшілік құқықтық статистикаға" бөлінуі; уәкілетті орган мен қылмыстық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінің құқықтары мен міндеттері; арнайы есепке алудың мақсаты мен түрлері сияқты негізгі ұғымдар бекітілген.

Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау мақсатында Заңның 7-бабының 1-тармағының 5) тармақшасында құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарына оларды тағайындау кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары бұзылған шаруашылық жүргізуші субъектілерді тексеруді тағайындау туралы актілерді тіркеуден бас тарту құқығы бекітілген. Осы қадам шағын және орта бизнесті дамытуға жасалған кедергілерді жоюға септігін тигізеді.

Сондай-ақ, Заңның 7-бабы 7-тармағының 5) тармақшасында құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының жеке және заңды тұлғаларға ақылы ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру міндеттілігі көзделген. Осы функция елдің бюджетіне қосымша қаржылық түсімдердің түсуіне әкеледі.

Мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйені одан әрі жетілдіру мен дамыту құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарына қоғамдағы құқықтық құбылыстарға мониторингін жүзеге асыратын, қоғамдағы қылмыстылыққа және өзге де құқық бұзушылықтарға қарсы күрестің бағдарламалары мен ұсынымдарын әзірлейтін басты талдау институты болып өзгертілуіне мүмкіндік береді. Осы ұсынымдар заңдылық пен азаматтардың конституциялық құқықтарының сақталуына прокурорлық қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі тиімді құралға айналуы тиіс. Қоғамдағы сыбайлас жемқорлық

құқық бұзушылықтарына қарсы күрестің перспективалық бағыттарының бірі - кәсіпкерлік қызметтің сыбайлас жемқорлыққа қатысты субъектілері туралы деректер банкін құру болып табылады.

Сөйтіп, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының қызметі статистикалық мәліметтерді қалыптастыру мен криминалдық есепке алуды жүргізудің шеңберінен әлдеқайда кең әрі ел Президентінің құқықтық мемлекет құру жөніндегі жүргізіп жатқан реформаларының аясында маңызды орын алады.

Алайда, осы уақытқа дейін Қазақстандағы құқықтық статистика және арнайы есепке алуды дамытудың көптеген шешілмеген проблемалары бар, олар ең алдымен, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарын материалдық-техникалық, ұйымдастыру-кадрлық нығайтуға және құқықтық статистикалық мәліметтерді қалыптастыру мен арнайы есепке алуды жүргізу процестерін автоматтандыруға байланысты.

Бірыңғай бірдейлендірілген статистикалық жүйеге (ББСЖ) біріктірілген, қылмыстылық, алдын ала тергеу мен анықтау органдарының қызметі, прокуратура органдарының жұмысы, сот төрелігін жүргізу мен сот қаулыларының орындалуы жөніндегі соттардың қызметі туралы, шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін тексеру мәліметтері туралы статистикалық есептілікті қалыптастыру жүйесі құрылды әрі жұмыс істеуде. 2003 жылы республикалық бюджеттің қаражатына сатып алынған БҚБЖ-ның компоненттері мен оны бағдарламалық қамтамасыз ету бастапқы есепке алу құжаттарын аудандық (қалалық) деңгейде жасау және статистикалық есептілікті облыс - республика деңгейінде қалыптастыруды электронды формат түрінде автоматтандыру процестерін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Алайда, Комитеттің аумақтық органдарының аудандық (қалалық), кей жерлерде облыстық деңгейде, тиісті материалдық-техникалық қамтамасыз етудің болмауы, қолда бар бағдарламалық қамтамасыз етуді толық пайдалануға мүмкіндік бермейді. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарын аудандық буынына дейін толық автоматтандыру мен компьютерлендіруді қамтамасыз ету мәселесін шешу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 19 карашадағы N 1180 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік статистиканы жетілдірудің 1999-2005 жылдарға арналған бағдарламасында көзделгенімен, компьютерлік және ұйымдастыру оргтехникамен жабдықтау және модемге қол жеткізуді ұйымдастырудың жеткіліксіз деңгейі, жергілікті жерлердегі білікті кадрлардың болмауы республика шеңберінде ББТЖ-ның қолда бар қорын толық пайдалануға мүмкіндік бермеуде. Осыған байланысты, Бағдарламада осы проблеманы шешуге тиісті қаржы қаражатын бөлу көзделеді.

Бұдан басқа, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарын жеке

салааралық пән (заңтану, статистика, криминология және т.б.) ретінде кадрлық қамтамасыз ету проблемасы бүгінгі күні неғұрлым өткір қойылуда. Мысалы, Комитеттің кейбір аумақтық басқармаларында құқықтық статистиканы қалыптастырумен немесе арнайы есепті жүргізумен арнайы білімі жоқ, біліктілігін арттырудан, тағылымдамадан көбінесе өтпеген қызметкерлер айналысуда. ТМД аумағында осы саланы қайта құру және дамыту мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы алдыңғы қатардағы орынға ие болғанына қарамастан, Қазақстанда құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласына арналған кадрларды дайындау және қайта дайындау орталығы жоқ. Соған байланысты, Бағдарламада С.Есқараев атындағы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Заңдылықтың, құқықтық тәртіптің проблемаларын зерттеу және прокуратура органдары кадрларының біліктілігін арттыру институтымен бірлесіп, Комитет базасында Ғылыми-әдістемелік әзірлемелер және құқықтық статистика мен арнайы есепке алу органдары кадрларының біліктілігін арттыру орталығын құру көзделген.

Сондай-ақ, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының әкімшілік құқық бұзушылықтар және оларды жасаған тұлғалар туралы орталықтандырылған деректер банкін жүргізу жөніндегі жаңа міндеттерді жүзеге асыруы, "Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін тексеруді тағайындау туралы заңсыз актілерді тіркеуден бас тарту құқығын және дамудың өзге де перспективалы бағыттарын қолдану мақсатында оларды кадрлық нығайту, ең алдымен, Комитеттің орталық аппараты , жергілікті жерлерінде де штаттық оперативтік қызметкерлердің санын ұлғайту және оны 1500 адамға дейін жеткізу қажет.

Қазірдің өзінде бекітілген Республикада нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2001-2005 жылдарға арналған стратегиясы шеңберінде тиісті жедел талдау жасау үшін құқық қорғау және өзге де органдардан заңсыз есірткілер және есірткімен байланысты қылмыстар туралы мәліметтерді жинау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын Комитеттің Нашақорлықтың жай-күйін зерттеу және бағалау жөніндегі ұлттық ақпараттық-талдау орталығын материалдық-техникалық жағынан нығайту жұмыстары жүргізілуде.

Алайда, Қазақстан Республикасының аумағында нашақорлықтың таралуына және есірткі бизнесіне қарсы күресті кешенді түрде ақпараттық-талдамалық қамтамасыз етуді жүзеге асыру үшін құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарын ұйымдастыру-кадрлық және техникалық жағынан одан әрі нығайту ғана емес, сонымен қатар нашақорлық қылмыстардың жасалуы туралы ақпарат алмасу жөніндегі трансшекаралық ақпараттық желі құру мақсатында осы салада кең ауқымды халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру қажет.

Осыған байланысты, есірткі және оның айналымына байланысты қылмыстар туралы Қазақстандағы қазіргі ақпараттық дерекқорлар, ұлттық заңнама жүйесі мен әдіснама Орталық Азия өңіріндегі елдер үшін модель болуы, ал болашақта, мемлекетаралық ақпараттық деректер банкінің негізін салуы мүмкін. Бұл үшін, Батыстың жетекші елдерімен және Ресей Федерациясымен наркотрафикке қарсы іс-әрекет бойынша тәжірибе алмасуды жүргізу қажет.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында арнайы есепке алуды дамыту үшін неғұрлым маңызды проблемалық мәселелер мыналар болып табылады:

- арнайы есепке алуды жетілдіру әрі жаңалау;
- арнайы есепке алу субъектілерімен үздіксіз жұмысты қамтамасыз ету;
- арнайы ақпарат алмасу саласындағы халықаралық ынтымақтастық;
- арнайы есепке алу мәліметтерін алмасу мәселелері бойынша құқық қорғау органдарының өзара іс-қимылы мәселелерін реттейтін халықаралық құқықтық кесімдерді дайындау;
- құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының біріктірілген деректер банкін құру.

Практика көрсеткеніндей, арнайы есепке алуды дамыту саласындағы негізгі перспективалы міндеттердің бірі - қазіргі заман талаптарына жауап беретін арнайы есепке алу процестерін автоматтандыратын бағдарламалық қамтамасыз етудің неғұрлым жоғары деңгейін енгізу, сондай-ақ геоақпараттық құқықтық статистикалық жүйенің негізі ретінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының біріктірілген деректер банкін құру болып табылады.

Арнайы есепке алуды енгізу бойынша неғұрлым жетілдірілген бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу қажеттілігі көрер көзге айқын болып отыр. Мысалы, хабар-ошарсыз жоғалған адамдарды іздестіру туралы құжаттарды есепке алу үшін қазіргі уақытта белгіленген бағдарламада ("Қазақстанда іздеу салу"), біріншіден, іздеу салынған адамдарды тануды жүргізу функциясына енгізілмеген, екіншіден, оны пайдалану көрсеткеніндей тиімділігі шамалы болып табылады, үшіншіден, оны пайдалану кезінде адами фактор ескеріледі, яғни, сұранысты қалыптастыру хабар-ошарсыз жоғалған адамды сипаттау бойынша сәйкес келетін танылмаған мәйіттерді іріктеп алу арқылы бағдарламалық қамтамасыз ету жолымен емес, алты мың бірліктен астам массивтен іріктеп алу кезінде барлық ықтимал нұсқаларды түгел ескеруге шамасы жетпейтін оператордың өзімен жасалады, ал мұндай сұранысты әрбір хабар-ошарсыз жоғалған адамға немесе танылмаған мәйітке қалыптастыру қажет.

Тануды жүргізу тиімділігінің шамалылығын мынадай көрсеткіштерден көруге болады. Осы бағдарламаның орын алған кезінен бері 5000-ға жуық танылмаған мәйіттердің жалпы санынан 63-і ғана танылған. Бұл - іздестіру

туралы құжаттарды есепке алу бойынша күнделікті жұмыстың нәтижесінде іздеу салудың бастамашыларына әрдайым сәйкестендіру белгілерінің сай келуі туралы жорамалдар жолданып отырған кездегі жетістік.

Қазіргі уақытта Ресей Федерациясы ІІМ Бас ақпарат орталығында "Oracle" деректер базасын басқару жүйесінің (ДББЖ) базасында құрылған және жұмыс істейтін бағдарламалық қамтамасыз ету пайдаланылуда, ол нышандарын көзбен шолу арқылы салыстыра қарау жолымен ғана емес, сондай-ақ бет әлпетін суреттеу, адам қаңқасының сүйектерінің қалдықтарын, атап айтқанда, бас сүйегі, адам көзінің торқабығын салыстыру бойынша адамның биометриялық ұқсастығы жолымен іздеу салынған және анықталған адамдардың әртүрлі санаттарын тануды жүргізуге мүмкіндік беретін әртүрлі ақпараттық-іздеу жүйелерін құрудың кең мүмкіндігін қамтамасыз ететін қазіргі замандағы қуатты ДББЖ болып табылады.

Қазақстанда осындай бағдарламаны енгізу хабар-ошарсыз жоғалған адамдарға, танылмаған мәйіттерге, өздері туралы мәліметтерді хабарлауға мүмкіндігі жоқ балалар мен ауру адамдарға ғана емес, танылмаған мәйіттердің сәйкестендірушілік белгілерімен қылмыстық қудалау органдарынан жасырынған тұлғалардың ұқсас белгілерін салыстыру арқылы да тануды жүргізуге мүмкіндік туғызады, анықталынатын адамдардың дактилоскопиялық карталары жоқ кезде оның ерекше өзектілігі бар.

Көрсетілген ДББЖ мүмкіндіктері болашақта арнайы есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің толыққанды жұмыс істеуіне мүмкіндік береді, сондай-ақ арнайы ақпаратты халықаралық ақпарат алмасу бөлігінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының одан арғы жұмысына жаңа перспективалар ашады.

Соңғы жылдардың практикасы көрсеткеніндей, арнайы есепке алуды дамытудың осы кезеңінде құқық қорғау органдарын ақпараттық қамтамасыз ету саласында біріктірілген деректер банкін құру қажеттілігі пісіп жетілді. Бұл құқық қорғау органдарының сұратуларын әзірлеуге көп уақыт жұмсалатынынан туындады: орындалу мерзімімен қоса және почталық жөнелтімдеріне де уақыт кетеді.

Мұндай банкті құру арқылы сұратуларды орындау және құқық қорғау органдары мен Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік басқару органдарына, сондай-ақ ТМД елдерінің құқық қорғау органдарына ақпаратты ұсыну (Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы 1993 жылғы 22 қаңтардағы Минск конвенциясы келісімінің шеңберінде) уақыты мейлінше азайтылады.

Бұдан басқа, Комитеттің ақпараттық қорларына мүдделі мемлекеттік

органдарға қашықтан қол жеткізуді ұсыну арқылы "Папилон" автоматтандырылған дактилоскопиялық ақпараттық жүйе базасында адамдарды дактилоскопиялық есепке алуды одан әрі автоматтандыру қажет.

Тұрақты ақпарат алмасуды қамтамасыз ету, арнайы есепке алудың техникалық жарақталуын арттыру, арнайы білім беру бағдарламаларын енгізу, оларды жүргізуге қойылатын қазіргі заманғы талаптарға жауап беретін арнайы есепке алу мәліметтерін қалыптастыруға жәрдемдесуі тиіс. Сонымен бір мезгілде , осы саладағы халықаралық ынтымақтастықтың негізгі бағыттары заңнамалық негіздерінің жақындасуы, құқық қорғау саласындағы өзара іс-қимыл, әріптестік көмек болуы қажет.

Қазіргі уақытта, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының өзі қалыптасқан мемлекеттік тетік болып табылады. Бірінші кезекте, қылмыстылық жай-күйі, құқық қорғау органдарының, соттардың қызметі туралы статистиканы қалыптастырудың тиянақты режимі және осы жұмысты ақпараттық қамтамасыз ету ұйымдастырылған. Арнайы есепке алуды жүргізу, анықтамалық және мұрағаттық жұмыс тиісті деңгейде жүзеге асырылуда. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдары қызметінің саласы тиісті нормативтік құқықтық актілермен заң жүзінде бекітілген әрі толық регламенттелген.

Мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйені жетілдіру мен дамытудың келесі кезеңдері құқықтық статистика және арнайы есепке алу мәліметтерін жинау, өңдеу, түсіндіру және сипаттау процестерін автоматтандыруға көшіру, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарын қоғамдағы құқықтық құбылыстарға мониторинг пен оларды болжауды жүзеге асыратын басты талдау институты етіп өзгерту, осылардың негізінде қылмысқа және қоғамдағы өзге де құқық бұзушылықтарға қарсы күрес бағдарламалары мен ұсынымдарын дайындау болып табылады.

## 3. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты - Қазақстанның мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйесін құру және одан әрі реформалау болып табылады.

Осы мақсатқа қол жеткізу құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдары мен субъектілерінің қызметін ақпараттандырудың міндеттері кешенін шешуді әрі құқықтық статистика және арнайы есепке алу мәліметтерін жинау, өңдеу, сақтау, жіктеу, түсіндіру, талдау, модельдеу және болжау процестерін автоматтандыруды көздейді:

1) бірыңғай мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйені құру;

2) құқықтық статистиканың салаларын кешенді дамыту;

3) жаңа ақпараттық технологияларды енгізу;

4) елдегі және өңірлердегі заңдылық пен құқықтық тәртіптің жай-күйін кешенді талдауды және болжауды жетілдіру, қоғамдағы құқықтық құбылыстардың кешенді мониторингі жүйесін құру;

5) Қазақстанның мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйесін әлемдік ақпараттық ортаға кіріктіру, құқықтық статистикалық мәліметтерді жариялау және тарату жүйесін жетілдіру;

6) құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында үздіксіз кәсіби білім беру және кадрларды даярлау жүйесін құру және жетілдіру;

7) құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы халықаралық ынтымақтастық, қолда бар халықаралық тәжірибені зерделеу.

## 4. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі

### 1. Бірыңғай мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйені құру

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарын автоматтандыру шеңберінде сотқа дейінгі, соттық және атқарушылық іс жүргізу процесін шынайы статистикалық қадағалау мақсатында Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында ББСЖ-ны енгізу, ол өзіне мемлекеттік құқықтық статистикалық есептілікті қалыптастыру, модемдік байланысты қоса алғанда, құқықтық статистика және арнайы есепке алудың аумақтық органдарын аудандық деңгейге дейін компьютерлік техникамен қамтамасыз ету үшін лицензияны алуды әрі ББСЖ бағдарламалық қамтамасыз етуді орнатуды; ББСЖ бағдарламалық компоненттерімен жұмыс істеу үшін құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының қызметкерлерін оқытуды қамтиды.

Арнайы есепке алуды электронды түрде жүргізу үшін бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу және орнату қажет. Бұл Комитеттің, құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінің тектері бойынша және дактилоскопиялық картотекаларының мәліметтерін бірыңғай электронды біріктірілген деректер банкіне біріктіру және құқықтық статистикалық ақпаратты пайдаланушыларға қашықтан қол жеткізуді ұсыну болып табылады.

Бұл үшін:

1) анықтаудан, сот тергеуінен және жазасын өтеуден жасырынған адамдар, хабар-ошарсыз кеткен адамдар және танылмаған мәйіттер туралы;

2) әкімшілік жауаптылыққа тартылған, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған, белгілі бір лауазымды иелену құқығынан айырылған, сот іс-әрекет жасауға қабілетсіз деп таныған адамдар туралы;

3) мемлекеттік органдардың тексеруіне ұшыраған және сыбайлас

жемқорлыққа қатысы бар шаруашылық жүргізуші субъектілер туралы;

4) құқық бұзушылықтар жасаған және құқық бұзушылықтар жасап әрі сол үшін әкімшілік немесе өзге де жауаптылыққа тартылған, сондай-ақ сот іс-әрекет жасауға қабілетсіз деп таныған адамдар туралы мәліметтерімен бірге іздеу салынған адамдар мен танылмаған мәйіттердің басқа да санаттары туралы мәліметтерді біріктіру және салыстыру арқылы біріктірілген деректер банкін құру қажет.

Бастапқы есепке алудың электронды құжаттарын аудандық деңгейде енгізуден бастап және республикалық деңгейде ақпаратты жинақтау әрі алғашқы талдау жасаумен аяқтау арқылы арнайы есепке алу мәліметтерінің қолда бар ақпараттық массиві бойынша статистикалық есептілікті автоматты түрде қалыптастырудың, арнайы есепке алу мәліметтерін жүргізу мен салыстырудың және құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінің сұратуларын орындаудың бірыңғай жүйесін құру.

Бұл, бірінші кезекте, құқықтық статистикалық ақпараттың сапалығынан, уақытылы орындалуынан және шынайылығынан көрініс табады, оны қорытындылауға, түсіндіруге және "он-лайн" режимінде орналастыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ геоақпараттық құқықтық статистикалық жүйені құру үшін негіз қалайды.

Геоақпараттық құқықтық статистикалық жүйені құру құқықтық статистиканы қалыптастыру, арнайы есепке алу мәліметтерін жүргізу, алынған ақпаратты талдау, ахуалды модельдеу және статистикалық көрсеткіштерді болжау процестерін бастапқы автоматтандыруға негізделеді.

Мұндай жүйені қалыптастырудың бірінші (базалық) элементі бастапқы статистикалық есепке алудың электрондық құжаттарына негізделген ББСЖ болуы тиіс. Жүйенің келесі элементтері құқықтық статистика және арнайы есепке алу салалары бойынша біріктірілген деректер банкі болады. Геоақпараттық жүйенің негізгі компоненті алынған ақпаратпен алғашқы талдау іс-қимылын, оны модельдеу мен болжауды автоматты режимде жүзеге асыруға мүмкіндік туғызатын бағдарламалық қамтамасыз ету топтамасы болуы тиіс.

## 2. Құқықтық статистика бірыңғай кешенді салаларының дамуы

Құқықтық статистика салаларының бірыңғай кешенін бағыттар бойынша дамыту өзіне заң жүзінде маңызы бар барлық оқиғаларды есепке алудың толассыз жүйесін, кейіннен тиісті шараларды іске асыру үшін мәліметтерді құқық қолдану органдарына беру арқылы олардың түсіндірулерін, салыстыруларын, талдауларын және модельдеулерін құру жөніндегі іс-шараларды қамтиды. Бұл елдегі қылмыстар мен құқық бұзушылықтар субъектілері туралы бастапқы ақпараттың үлкен көлемінің болуынан туындайды. Бұл ретте, мәліметтердің әр түрлі санаттарына жататын ақпаратты салыстыру

заңдылықтың жүйелі деңгейде сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі проблемалардың тұтас кешенін шешуге мүмкіндік туғызады.

Құқықтық статистика салаларының бірыңғай кешенін дамыту мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу процестерін стандарттау және бірдейлендіру проблемаларын шешумен тікелей байланысты және өзіне, сондай-ақ осы міндеттерді шешу үшін қажетті ғылыми-әдіснамалық көзқарасты әзірлеуді қамтиды.

Құқықтық статистика мен арнайы есепке алу деректерін қалыптастыру, өңдеу , сақтау және пайдалану процестерін регламенттейтін мемлекеттік стандарттар жүйесін әзірлеу әрі практикаға енгізу, Комитет жанынан құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі мемлекеттік стандарттардың электронды банкін, сондай-ақ ақпаратты ұсыну кезеңінде, "бір көзден жинау" кезеңінде "бір терезе" қағидаттары бойынша жұмыс істейтін ақпарат сервисінің бірыңғай мемлекеттік электронды жүйесін құру, мемлекеттік құқықтық деңгейдегі құқықтық статистика және арнайы есепке алу дамытудың басым бағыты болып табылады.

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдары жүргізетін құқықтық статистикалық бақылауға кодировка жасау мақсатында құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында салалық статистикалық жіктемені әзірлеу және енгізу.

Бұл ретте, жіктеме негіздері мен кодировка әдістері Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қолданылатын халықаралық және мемлекетаралық стандарттардың талаптарына қайшы келмеуі тиіс.

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында бірыңғай мемлекеттік электрондық ақпараттық сервис жүйесін құру.

Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында еуропалық стандарттарға қол жеткізу стратегиясының міндеттерін іске асыру жөніндегі ведомствоаралық жұмыс комиссиясын құру, өйткені осы жұмыс алғашқы рет жүргізілуде және мемлекеттік статистика, стандарттау мен метрология саласындағы арнаулы білімді, жалпы мемлекеттік мақсаттағы ақпараттық статистикалық жүйелердің қызметін стандарттау кезінде әлемдік сахнада және мемлекет ішінде қойылатын технологиялық және техникалық талаптардың толық топтамасын белгілеу, сондай-ақ мәселені зерделеу және одан әрі пысықтау үшін эталондық үлгі (стандарттар, әдістемелік ұсынымдар, халықаралық құқықтық актілердің көшірмелері және т.с.с.) болып қызмет ететін құжаттармен қоса стандарттаудың әлемдік практикасын талдауды ұсынуды талап етеді.

Көрсетілген стандарттар ҚР Президентінің жыл сайынғы халыққа Жолдауы

мен ұзақ мерзімді "Қазақстан - 2030" Стратегиясының орындалуының мемлекетте жүйелі кіріктірілген тиімді және сапалы құқықтық режимінің қалыптасуына құқықтық негіз қалауына арналған.

Құқықтық статистика міндеттерінің күрделілігі мен көп қырлылығы құқықтық статистикалық көрсеткіштер жүйесін құрудың әдіснамалық қағидаттарын, әдістемелік тәсілдерін әзірлеуде, құқықтық статистикалық байқауды ұйымдастыру мен алынған ақпаратты өңдеуде көп қырлы (көп аспектілі) көзқарасты талап етеді.

Жалпылама есепке алу мен есептілікке негізделген, құқықтық статистикалық бақылауды ұйымдастырудың қолданыстағы жүйесі дәстүрлі түрде қолданылатын статистикалық әдістердің көмегімен құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінен елдегі заңдылық пен құқық тәртібін объективті сипаттайтын толық әрі сапалы ақпаратты жинауды қамтамасыз ете алмайды. Қылмыстылық пен құқық бұзушылық статистикасы құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінің мәліметтері негізінде қалыптастырылатын бастапқы есепке алу құжаттамасы негізінде қалыптастырылатыны мәлім. Алайда, құқықтық статистикалық байқауларының дәстүрлі әдістері тіркелген қылмыстар мен құқық бұзушылық туралы ақпаратты осындай қоғамдық құбылыстардың жасырын сипаттағы деңгейін бағаламай алуға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, "оң" көрсеткіштерді көрсету және теріс көрсеткіштерді жасыру мақсатында статистикалық есептерді әдейі және әдейі емес объективті себептерден туындайтын бұрмалау, статистикалық есептіліктің түрлері мен деректерді ұсыну әдістерінің жетілдірілмеуі статистикалық есептіліктің бұрмалануы алынған ақпараттың шынайылығына әсер ететін маңызды фактор болып табылады.

Осы жағдаят елдегі заңдылық пен құқықтық тәртіптің жай-күйін құқықтық статистикалық байқаулардың әдістерін жетілдіру қажеттілігін туындатады.

Байқаудың жаңа әдістерін енгізуге және алынған ақпаратты түсіндіруге жүйелі көзқарас іріктемелі зерттеулерді, сауалнамаларды, сауал салуды жүргізуді , сарапшылық бағалауды, халықаралық және үкіметтік емес ұйымдардың деректерін кеңінен пайдалану негізінде құрылуы тиіс.

Осы міндетті іске асыру үшін қазіргі статистикалық байқауларды және оларды құқықтық статистика саласында қолдану дәрежесін зерттеу жөнінде кең ауқымды жұмыстар жүргізу қажет.

Статистикалық есептіліктің қолданыстағы нысандарын жетілдіру, оларды оңтайландыруды жүргізу, халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру, мемлекеттік тілге аудару қажет.

Осы міндетті іске асыру шеңберінде жасалған қылмыстар, құқық бұзушылықтар және оларды тергеу нәтижелері туралы ұлттық есептер жүйесін

құру мүмкіндігін зерттеу орынды, мұндай тәжірибе АҚШ Әділет министрлігінің Сот статистикасы бюросында енгізілген.

Құқықтық статистика саласы бойынша әдіснаманы жетілдіру құқықтық статистикалық мәліметтердің шынайылығы проблемасын шешуге мүмкіндік беретін әдістемелік және нормативтік сипаттағы іс-шараларды білдіреді.

Кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін тексеруді қоспағанда, мемлекеттік бақылаушы органдар жүргізетін барлық тексерулерді есепке алуды ұйымдастыру қажет.

Осы міндеттерді шешу үшін құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдары мен субъектілері тиісті нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын бірлесіп әзірлеуі көзделуде.

## 3. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында, соның ішінде Қазақстанда электронды үкімет құру жүйесінің шеңберінде жаңа ақпараттық технологиялар енгізу

Ақпаратты қағазсыз өңдеу технологиясына көшу үшін мыналар қажет:

- бастапқы статистикалық есептіліктің электронды нысандарын енгізу және оны телекоммуникациялар арналары бойынша жинау;
- арнайы есепке алуды электронды режимде жүргізу;
- құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарын техникалық және технологиялық қайта жарақтандыруды жүзеге асыру;
- қылмыстар және құқық бұзушылық туралы мәлімдемелер мен хабарламаларды есепке алу мен тіркеу жөніндегі функцияларды құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарына беруді ұйымдастыру.

Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу жүйесінде құқықтық статистикалық ақпаратты электронды өңдеуді қамтамасыз ететін жаңа ақпараттық технологиялар енгізу, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы бірыңғай ақпараттық ресурстар құруға мүмкіндік беру.

Жаңа ақпараттық технологияларға көшуді қамтамасыз ету мақсатында мынадай іс-шаралар жүзеге асырылады:

Интернетті және Интернет технологияларын қолданып құқықтық статистикалық ақпарат субъектілерінің және пайдаланушыларының қашықтан пайдалану жүйесін құру және олардың "Қазақстандағы электронды үкімет" жүйесіне кірігуі;

- деректерді зияткерлік талдау технологияларын игеру;
- құқықтық статистика және арнайы есепке алуға кірген деректердің шынайылығын қамтамасыз ету мақсатында құқықтық статистика және арнайы есепке алу процестерін толық қағазсыз негізіне кезең-кезеңімен көшу.

Сөйтіп, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы жаңа технологияларды енгізу аудандық буынға дейінгі құқықтық статистиканың әрбір субъектісіне біріктірілген деректер базасында қамтылған мәліметтерді жедел жіберуді, сұратулардың орындалу уақытын едәуір үнемдеуге, мұрағаттық және басқа да қағаз картотекасын ұстау жөніндегі ресурстарды босатуға мүмкіндік береді.

Жаңа ақпараттық технологияларды енгізу мен бірыңғай ақпараттық статистикалық ресурстарды құру құқықтық статистикалық ақпаратты пайдаланушыларға телекоммуникациялық қызмет көрсетудің дамуына мүмкіндік береді.

## 4. Қоғамдағы құқықтық құбылыстарға кешенді мониторинг жүйесін құру

Қоғамдағы құқықтық құбылыстарға кешенді мониторинг жүйесін құру өзіне мақсаты - қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен заңдылықты сақтау жөніндегі құқық қорғау органдарының қызметімен байланысты проблемалық мәселелерді анықтау, ахуалдың даму үрдістерін болжау және қабылданатын шаралардың пәрменділігі мен тиімділігін бағалау болып табылатын, елдегі және өңірлердегі криминогендік жағдайды егжей-тегжейлі зерттеуді қамтиды.

Елдегі заңдылық пен құқықтық тәртіптік жай-күйін кешенді талдау мен болжау жүйесін жетілдіру талап етеді:

- қылмыстылықтың мониторингі мен болжау ғылыми-талдау орталығын құру ;
- құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының, оның ішінде өңірлердегі қызметінің түйінді бағыттары бойынша ғылыми-зерттеу зертханаларын құру;
- азаматтардың мемлекеттік органдарға жүгінуін бірыңғай есепке алуды ұйымдастыру;
- құқықтық статистикалық ақпарат субъектілері мен пайдаланушыларды тарту арқылы заңдылық және құқықтық тәртіптің жай-күйі мәселелері бойынша статистикалық байқаулар жүргізу.

## 5. Қазақстанның мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйесін әлемдік ақпараттық ортаға кіріктіру, құқықтық статистикалық ақпаратты жариялау мен тарату жүйесін жетілдіру

Қазақстанның мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйесін әлемдік ақпараттық ортаға кіріктіру үшін мыналар қажет:

- дамыған елдерде жалпы қабылданған қылмыстылықтың жай-күйі мен заңдылықтың сақталуын бағалаудың статистикалық көрсеткіштерін енгізу;
- статистикалық және талдамалық ақпаратты халықаралық тілдерде жариялау ;
- Интернет жүйесіндегі Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының " веб-сайтын" жетілдіру;
- барлық деңгейдегі пайдаланушыларды сапалы әрі қажетті құқықтық статистикалық ақпаратпен толық қанағаттандыруды қамтамасыз ету мақсатында құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының полиграфиялық базасын құру және баспа қызметін жетілдіру;
- құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы жарияланымдардың кеңейтілген жүйесін (сериясын) бекіту;
- құқықтық статистикалық көрсеткіштер мен нормативтік-анықтамалық ақпараттың бірыңғай жүйесінің каталогын басып шығару;
- құқықтық статистикалық ақпаратты пайдаланушылар каталогын басып шығару.

Құқықтық статистикалық ақпараттың жалпыға бірдей қол жетімді деректерін пайдаланушылардың құрамына мемлекеттік органдар, ғылыми және ғылыми-зерттеу ұйымдарынан басқа, мүдделі шетелдік ұйымдар, үкіметтік емес және қоғамдық бірлестіктер, жеке компаниялардың кіруі көзделуде.

## 6. Үздіксіз кәсіби білім беру мен құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында кадрларды даярлау жүйесін құру

Үздіксіз кәсіби білім беру мен құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында кадрларды даярлау жүйесі өзіне теориялық дайындықты, компьютерлік сауаттылыққа үйретуді, құқықтық статистика және арнайы есепке алу салалары бойынша сабақтас мамандықтарға зерделеуді, жоғары оқу орнынан кейінгі дайындықты, мамандандыру мен біліктілік көтеруді қамтиды.

Көрсеткіштер, оларды есептеу әдіснамасы, статистикалық деректерді жинау, өңдеу, тарату және талдау әдістері, құқықтық статистика және арнайы есепке алу процестерін автоматтандыру жүйесі бөлігінде құқықтық статистика және арнайы есепке алуды тиісті реформалау бұл салада кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың қазіргі жүйесін әзірлеу қажеттілігінен туындатады.

Бұл жүйені дамыту тек құқықтық жоғары оқу орындарында олардың тиісті бөлімшелерін (кафедраларын) ашуды, кадрлардың біліктілігін арттыру және

қайта даярлау орталықтарын құруды, тиісті семинарлар өткізуді ғана қамтуы тиіс емес, сонымен қатар халықаралық тәжірибені, ең алдымен, ТМД елдерінің, Европалық Одақтың, АҚШ және басқа мемлекеттердің қолда бар тәжірибесін зерттеуді талап етеді.

Бұл міндетті шешудегі аса маңызды іс-шара "Құқықтық статистика" мамандығы бойынша жоғары және орта арнаулы білім берудің Мемлекеттік білім беру стандартын әзірлеу, оның негізінде үлгі оқу жоспарлары мен бағдарламалары әзірленуі әрі енгізілуі, оқу-әдістемелік әдебиет дайындалуы және басып шығарылуы тиіс.

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы кадрларды, сондай-ақ барлық деңгейдегі оқу орындарының оқытушыларын даярлау әрі қайта даярлау қамтамасыз етілуі тиіс.

Бұдан басқа құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдары қызметкерлерін оқыту әрі олардың біліктілігін арттырудың маңызы зор. Бұл үшін Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы С.Есқараев атындағы Заңдылық, құқықтық тәртіп проблемаларын зерттеу және прокуратура органдары кадрларының біліктілігін арттыру институтымен бірлесіп Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті базасында Ғылыми-әдістемелік әзірлемелер мен құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдары кадрларының біліктілігін арттыру орталығын құру көзделуде.

Осы мақсатта мынадай бірқатар іс-шараларды орындау қажет:

- елдің мемлекеттік жоғары заң оқу орындарында (ЖОО) құқықтық статистика және арнайы есепке алу мәселелері бойынша бөлімшелер (кафедралар) ашу;

"Құқықтық статистика" мамандығы бойынша жоғары және орта арнаулы білім берудің Мемлекеттік білім беру стандартын әзірлеу;

- құқықтық статистика және арнайы есепке алу мәселелері бойынша үлгі оқу жоспарлары мен бағдарламалар әзірлеу, оқу-әдістемелік әдебиетті басып шығару;

- Ғылыми-әдістемелік әзірлемелер мен құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдары кадрларының біліктілігін арттыру орталығын құру;

- Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы С.Есқараев атындағы Заңдылық, құқықтық тәртіп проблемаларын зерттеу және прокуратура органдары кадрларының біліктілігін арттыру институтының базасы негізінде "Құқықтық статистика" кафедрасын ашу.

## 7. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы халықаралық тәжірибені зерттеу

Республикадағы құқықтық статистика және арнайы есепке алуды реформалау, статистикалық көрсеткіштер жүйесін халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру жөнінде қадамдар жасау, сондай-ақ қылмыстылыққа қарсы күрес және заңдылықты нығайтуға жәрдемдесетін жедел ақпарат алмасуды қамтамасыз ету мақсатында халықаралық ұйымдармен және ТМД, Қытай, Оңтүстік-Батыс Азия мемлекеттерінің ұлттық құқықтық статистика қызметтерімен тұрақты өзара іс-қимылды және жан-жақты ынтымақтастықты ұйымдастыру зор маңызға ие болады.

Қазіргі уақытта, өңірде трансшекаралық терроризмге, қылмыстың ұйымдасқан нысандарына, нашақорлық қылмыстарына, қару мен оқ-дәрі саудасына, адамдар трафигіне қарсы іс-әрекет жасау түйінді мәселесі өткір қойылуда.

Осыған байланысты, құқық қорғау органдарының арасында тек арнайы есепте тұрған адамдарға қатысты ғана емес, сонымен қатар талдау және әдістемелік сипаттағы жедел ақпарат алмасу мәселелерін шешу құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың негізгі аспектісі болып табылады.

Бұл үшін автоматтандыру, бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу және сатып алу, талдамалық ақпаратты алмасу мәселелері бойынша Ресей Федерациясының ІІМ БАО-мен ынтымақтастықты кеңейту көзделуде. Ғылыми және әдіснамалық ынтымақтастық саласында Ресей Федерациясы Бас прокуратурасының жанындағы Заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту ҒЗИ-мен, статистикалық деректер алмасу жөнінде - Армения Республикасы Бас прокуратурасымен байланыс орнатылды.

Алайда, қылмыстылыққа қарсы күрес, қылмыскерлердің ұрланған мүлікті, хабар-ошарсыз жоғалған адамдарды іздестіру және мәйітті тану мәселелері бойынша іс-қимылды қамтамасыз ету жөніндегі кең ауқымды жобаларды іске асыру үшін, тек тиісті ведомстволар басшыларының саяси шешімі ғана емес, сонымен қатар осындай ақпарат алмасу жөніндегі мемлекетаралық орталық құру, статистикалық есептіктің мемлекетаралық нысандарын келісу мәселелерін шешу, мемлекетаралық конференциялар өткізуге, практиканы зерделеу мен тәжірибе алмасуға тиісті бюджет қаражатын бөлу қажет. Ынтымақтастықтың осындай түрлерін ТМД шеңберіндегі (ТМД-ға қатысушы мемлекеттер Бас прокурорларының Үйлестіру Кеңесі арқылы) құқық қорғау органдарының және Шанхай ынтымақтастық ұйымының бірлескен күш-жігерімен жолға қою жоспарлануда.

Бұдан басқа, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы дамыған мемлекеттердің тәжірибесін зерделеу мақсатында АҚШ Әділет министрлігі Сот статистикасы бюросымен және Федералдық тергеу бюросының статистикалық қызметімен, Еуроодақ, Азия-Тынық мұхит өңірі елдерінің құқық қорғау және құқықтық статистика органдарының тиісті бөлімшелерімен байланыс орнату көзделуде.

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында дамыған елдердің тәжірибесін зерттеу мақсатында мыналар көзделеді:

- автоматтандыру, бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу және сатып алу, талдамалық ақпаратты алмасу мәселелері бойынша Ресей Федерациясы ІІМ БАО-мен ынтымақтастықты кеңейту;
- ТМД, ШЫҰ-ға мүше мемлекеттермен статистикалық және құқықтық талдау ақпаратын және арнайы есепке алу мәліметтерімен алмасуды ұйымдастыру;
- ТМД елдерінің құқықтық статистикалық ақпаратпен алмасу жөніндегі мемлекетаралық орталығын құру;
- құқық қорғау органдарының ақпараттық қызметтері басшыларының мемлекетаралық конференциясын өткізу;
- құқықтық статистика және арнайы есепке алу мәселелері бойынша таяу және алыс шет елдердің практикасын зерттеу және тәжірибе алмасу;
- АҚШ Әділет министрлігі Сот статистикасы бюросымен және Федералдық тергеу бюросының статистикалық қызметімен, Еуроодақ, Азия-Тынық мұхит өңірі елдерінің құқық қорғау және құқықтық статистика органдарының тиісті бөлімшелерімен байланыс орнату.

## 8. Қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері

Бағдарламаның іс-шараларын қаржыландыру республикалық бюджеттің қаражаты, статистиканың жетілдіру жөніндегі жекелеген жобаларды іске асыру бөлігінде халықаралық ұйымдар тарабынан техникалық көмек қаражаты, сондай-ақ өзге де қаржыландыру көздері есебінен жүргізіледі.

Бағдарламаны орындау үшін 2005-2007 жылдары шамамен 4,5-6 млрд. теңге сомасына баламалы қаражатты игеру қажет. Шығындардың 35% ғылыми-зерттеу және жобалау жұмыстарын жүргізуге, консультациялық қызметтер мен мамандарды оқытуға, 45% - техникалық және телекоммуникациялық құралдарын, бағдарламалық-технологиялық қамтамасыз етуге, ақпараттық ресурстарды қорғауды дамытуға байланысты, өзге де ағымдағы шығыстар мен халықаралық ынтымақтастыққа арналатын шығындар 20% құрайды. Талап етілетін қаражат республикалық бюджеттің кіріс бөлігіне қарай әр жыл бойынша

жеке қаралуы тиіс.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің қазіргі бюджеттік бағдарламаларының шеңберінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының штат санын ұлғайту қажет.

Бағдарламаны іске асыруға 2005 жылы республикалық бюджеттің қаражатынан қажетті қаржыландыру көлемі талап етілмейді, 2006 жылы - 2,582 млрд. теңге, 2007 жылы - 2,5 млрд. теңге. 2006-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бюджеттің есебінен қаржыландырылатын іс-шаралар бойынша шығыстар көлемі тиісті қаржы жылына анықталады (нақтыланады).

## 9. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Бағдарламада көзделген іс-шараларды іске асыру:

- қылмыстылыққа қарсы күрес пен заңдылықты қадағалаудың негізгі бағыттары бойынша салыстырмалы және сапалы статистикалық деректерді және талдамалық ақпаратты тиімді қалыптастыруды қамтамасыз етуге;
- сәйкестендіру белгілері бойынша мәйіттерді тануға қатысты көрсеткіштерді арттыруға;
- бірыңғай қағидаттар мен стандарттар негізінде заңдылықты сақтауды және құқықтық тәртіпті қолдауды қамтамасыз ету жөніндегі шешімдерді дайындау мен қабылдаудың пәрменді жүйесін құруға;
- қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алудың құқықтық және әлеуметтік жүйесін құруға арналған негізді қалауға;
- заңдылықты сақтауды және құқықтық тәртіпті қолдауды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді іске асыру кезінде құқық қорғау мен өзге де мемлекеттік органдар қызметінің нәтижелілігін арттыруға;
- құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарына ұсынылатын бұрмалау бар бастапқы мәліметтердің санын төмендетуге;
- құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарын техникалық қайта жарақтандыру үшін ұйымдастырушылық-әдістемелік негіз жасауға мүмкіндік береді.

## 7. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Ескерту. 7-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.02. N 1091 , 2007.04.27. N 339 , 2008.02.12. N 134 Қаулыларымен.

| Рет-са- | Іс-шаралар | Аяқтау нысаны | Орын-дауға | Орындау (іске | Болжамды шығындар | Қар-жы- |
|---|---|---|---|---|---|---|

ны |                    |          |(іске   |асыру) |(млн. теңге)  |лан-
|                   |          |асы-    |мерзімі|______________|дыру
|                   |          |руға)   |       |2005|2006|2007|көз-
|                   |          |жауап-  |       |    |    |    |дері
|                   |          |тылар   |       |    |    |    |
___|___________________|__________|________|_______|____|____|____|____
1 |        2          |    3     |   4    |   5   | 6  | 7  | 8  | 9

______________________________________________________________________

**1. Біртұтас мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйені құру**

______________________________________________________________________

1. Қазақстанның Қазақстан БП 2008
бүкіл аумағын- Республи- (келі- жылғы - 880,1 190,7 РБ
да ББСЖ касының сім 1
енгізу Үкіметіне бой- тоқсан
есеп ынша)
2. Арнайы есепке Пайдалану- БП 2007
алуды электрондық ға беру (келі- жылғы - - 50,0 РБ
жүргізуге арнал- актісі сім 3
ған бағдарламалық бой- тоқсан
қамтамасыз етуді ынша)
әзірлеу және
орнату
3. Статистикалық Пайдалану- БП 2007
есептілікті авто- ға беру (келі- жылғы - 168,9 50,0 РБ
матты түрде қалып- актісі сім 4
тастырудың, арнайы бой- тоқсан
есепке алу мәлі- ынша)
меттерін жүргізу
мен салыстырудың
және арнайы есепке
алу мәліметтерінің
қолда бар ақпарат-
тық жиынтығы
бойынша құқығын
статистика мен
арнайы есепке алу
субъектілерінің
сауалдарын орын-

даудың бірыңғай жүйесін құру

**2. Құқықтық статистика салаларының біртұтас кешенін дамыту**

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4. | Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы салалық статистикалық сыныптауышты және мемлекеттік стандарттар жүйесін әзірлеу және практикаға енгізу | Пайдалануға беру актісі | БП | 2006 жылғы 4-тоқсан | - | 68,4 (келісім бойынша), ИСМ | - | РБ |
| 5. | (алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.11.02. N 1091 қаулысымен) | | | | | | | |
| 6. | Құқықтық статистика және арнайы есепке алу аясында ақпараттық қызмет көрсетудің бірыңғай мемлекеттік электрондық жүйесін құру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп | БП (келісім бойынша), ААЖ | 2007 жылғы 1 тоқсан | - | 140 | - | РБ |
| 7. | Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында Европалық стандарттарға қол жеткізу стратегиясы міндеттерін іске асыру жөніндегі ведомствоаралық жұмыс комиссиясын құру | ҚР Премьер-Министрі өкімінің жобасы | БП (келісім бойынша), ИСМ | 2005 жылғы 4 тоқсан | Талап етілмейді | - | | |

8. Статистикалық Статисти- БП 2007
есептіліктің қол- калық (келі- жылғы - 31,7 33,4 РБ
даныстағы нысанда- есептілік сім 4
рын жетілдіру, нысанда- бой- тоқсан
оларды оңтайланды- рын ынша)
руды жүргізу, бекіту
халықаралық стан-
дарттарға сәйкес-
тендіру, құқықтық
статистикалық
есептілікті мемле-
кеттік тілде жүр-
гізуді ұйымдастыру

9. Құқықтық статисти- Қазақстан БП 2007
ка және арнайы Республи- (келі- жылғы - 133,8 79,6 РБ
есепке алу орган- касы сім 4
дарында қылмыстар Президенті бой- тоқсан
мен құқық бұзушы- Әкімшілі- ынша)
лықтар туралы гіне есеп
арыздар мен
өтініштерді балама
есепке алу мен
тіркеудің экспери-
менттік жүйесін
құру

10. Кәсіпкерлік Қазақстан БП 2008
субъектілерінің Республи- (келі- жылғы - 138,7 187,5 РБ
қызметін тексеруді касының сім 1
қоспағанда, мемле- Үкіметіне бой- тоқсан
кеттік бақылаушы есеп ынша)
органдар жүргізе-
тін барлық тексе-
рулерді есепке
алуды ұйымдастыру

---

**3. Жаңа ақпараттық технологияларды енгізу**

---

11. Бастапқы статисти- Бағдарла- БП 2007
калық есептіліктің малық (келі- жылғы - - 150 РБ

электрондық нысан- қамтама- сім 4
дарын енгізу және сыз бой- тоқсан
оны телекоммуника- етуді ынша)
ция арналары қабылдау
бойынша жинауды актісі
ұйымдастыру

12. Арнайы есепке Бағдарла- БП 2007
алуды электрондық малық (келі- жылғы - - 280 РБ
режимде жүргізу қамтама- сім 4
сыз бой- тоқсан
етуді ынша)
қабылдау
актісі

13. Құқықтық статисти- Бағдарла- БП 2007
ка және арнайы малық (келі- жылғы - - 450 РБ
есепке алу орган- қамтама- сім 4
дарын техникалық сыз бой- тоқсан
және технологиялық етуді ынша)
қайта жарақтанды- қабылдау
руды жүзеге асыру актісі

14. Құқықтық статисти- Қазақстан БП 2008
ка және арнайы Республи- (келі- жылғы - - 130 РБ
есепке алу орган- касының сім 1
дары мен субъекті- Үкіметіне бой- тоқсан
лерінің бөлінген есеп ынша)
деректер базасы
әкімшілерінің
қызметін құру

---

**4. Қоғамдағы құқықтық құбылыстардың кешенді мониторингі жүйесін құру**

---

15. (алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.04.27. N 339 қаулысымен)

16. Аймақтарды қоса Қазақстан БП 2008
алғанда, құқықтық Республи- (келі- жылғы - 75 45 РБ
статистика және касының сім 1
арнайы есепке алу Үкіметіне бой- тоқсан
органдары қызметі- есеп ынша)
нің басты бағытта-

ры бойынша ғылыми-
зерттеу зертхана-
сын құру
17. Азаматтардың Қазақстан БП 2008
мемлекеттік орган- Республи- (келі- жылғы - 260 160 РБ
дарға өтініштері- касының сім 1
нің бірыңғай есе- Үкіметіне бой- тоқсан
бін ұйымдастыру есеп ынша)
18. Құқықтық статисти- Статис- БП 2008
ка субъектілері тикалық (келі- жылғы - 120 135 РБ
мен пайдаланушыла- бақылау сім 1
рын тарта отырып бойынша бой- тоқсан
заңдылық пен есепті ынша)
құқықтық тәртіп Қазақстан
жай-күйі мәселеле- Республи-
рі бойынша статис- касының
тикалық бақылау Үкіметіне
жүргізу табыс ету

---

**5. Қазақстанның мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйесін әлемдік ақпаратты ортаға біріктіру, құқықтық статистикалық ақпаратты жариялау мен тарату жүйесін жетілдіру**

---

19. Қылмыскерлік пен Қазақстан БП 2007
заңдылықты сақтау Республи- (келі- жылғы Талап етілмейді -
жай-күйін бағалау- касының сім 1
дың дамыған елдер- Үкіметіне бой- тоқсан
дегі жалпыға таны- есеп ынша)
мал статистикалық
көрсеткіштері
жүйесін енгізу
20. Статистикалық және Қазақстан БП 2008
талдамалық ақпа- Республи- (келі- жылғы - 1,2 1,7 РБ
раттарды халықара- касының сім 1
лық тілдерде Үкіметіне бой- тоқсан
жариялау есеп ынша)
21. Бас прокуратураның Веб-сайтты БП 2007
Интернет желісін- жаңарту (келі- жылғы - 0,9 0,9 РБ

дегі веб-сайтын сім 4
жетілдіру бой- тоқсан
ынша)

22. Баспаханалық Қазақстан БП 2008
базаны құру және Республи- (келі- жылғы - 40 80 РБ
құқықтық статисти- касының сім 1
ка және арнайы Үкіметіне бой- тоқсан
есепке алу орган- есеп ынша)
дарының баспагер-
лік қызметін
жетілдіру

23. Құқықтық статисти- Құқықтық БП 2005
ка және арнайы статисти- (келі- жылғы Талап етілмейді -
есепке алу сала- ка және сім 4
сындағы жариял- арнайы бой- тоқсан
нымдардың кеңей- есепке ынша)
тілген жүйесін алу сала-
(сериясын) бекіту сындағы
жариялa-
нымдар
жөніндегі
іс-шара-
лар
жоспары

24. Құқықтық статисти- Жариялa- БП 2006
калық көрсеткіш- ным (келі- жылғы - 1,8 - РБ
тердің және норма- сім 4
тивтік-анықтамалық бой- тоқсан
ақпараттардың ынша)
бірыңғай жүйесінің
тізімдемесін
шығару

25. Құқықтық статис- Жарияла- БП 2006
тикалық ақпаратты ным (келі- жылғы - 1,8 - РБ
пайдаланушылардың сім 4
тізімдемесін бой- тоқсан
шығару ынша)

---

**6. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы**

үздіксіз кәсіптік білім беру мен кадр даярлаудың жүйесін құру

---

26. (алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.02.12. N 134 Қаулысымен)
27. (алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.02.12. N 134 Қаулысымен)
28. (алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.02.12. N 134 Қаулысымен)
29. (алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.04.27. N 339 қаулысымен)
30. (алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.04.27. N 339 қаулысымен)

---

**Құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы халықаралық тәжірибелерді зерделеу**

---

31. РФ ІІМ БАО-мен автоматтандыру, тасу, бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу және сатып алу, талдамалық ақпараттармен алмасу мәселелері бойынша ынтымақтастықты кеңейту | Ынтымақ- (келі- техноло- гиямен тәжірибе алмасу, бірлескен іс-шаралар жоспары туралы шарт жасасу (Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп) | БП жылғы сім бой- ынша), | 2005 Талап етілмейді - 2 тоқсан ІІМ, СІМ

32. ТМД, ШЫҰ мүше-мемлекеттер арасында статистикалық және талдамалық құқықтық ақпараттармен және арнайы есепке алумен алмасуды ұйымдастыру | Мемлекет-аралық (келі- келісім | БП жылғы сім бой- ынша), | 2005 Талап етілмейді - 3 тоқсан СІМ

33. (алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.02.12. N 134 Қаулысымен)

34. Құқық қорғау органдары ақпарат қызметі басшыларының мемлекетаралық конференциясын өткізу | Конференция | БП (келісім бойынша), СІМ, ІІМ | 2005 жылғы 4 тоқсан | - | 2,5 | - | РБ

35. Таяу және алыс шетелдермен құқықтық статистика және арнайы есепке алу мәселелері бойынша тәжірибе алмасу практикасын зерделеу және тәжірибе алмасуды ұйымдастыру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп | БП (келісім бойынша) | 2008 жылғы 1 тоқсан | - | 3,5 | 4,5 | РБ

36. АҚШ Әділет министрлігі Федералдық тергеу бюросының сот статистикасы және статистикалық қызмет бюросымен, Еуроодақ, Азия-Тынық мұхит өңірі елдерінің құқық қорғау және статистикалық органдарының тиісті бөлімшелерімен байланыс орнату | Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп | БП (келісім бойынша), СІМ | 2008 жылғы 1 тоқсан | Талап етілмейді | -

---

2005 жылға - қаржы шығынын талап етпейді; Республикалық бюджеттен 2006 жылға - 2582500 мың теңге; 2007 жылға - 2232300 мың теңге.

Ескерту: 2006-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын іс-шаралар бойынша шығыстар көлемі тиісті қаржы жылына арнап анықталатын (нақтыланатын) болады.

ББСЖ - Бірыңғай бірдейлендірілген статистикалық жүйе;

ТМД - Тәуелсіз мемлекеттер достастығы;

ШЫҰ - Шанхай ынтымақтастығы ұйымы;

АҚШ - Америка құрама штаттары;

ЖОО - Жоғары оқу орны;

РФ ІІМ БАО - Ресей Федерациясы Ішкі істер министрлігінің Бас ақпарат орталығы;

С.Есқараев атындағы институт - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы С.Есқараев атындағы Заңдылық, құқықтық тәртіп проблемаларын зерттеу және прокуратура органдары кадрларының біліктілігін арттыру институты

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК